

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларымен және кәсіби қызметті жүзеге асыратын сақтандыру агенттерімен құжаттарды жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 14 маусымдағы N 224 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 191 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 25 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4887 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 182 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 182 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларымен және кәсіби қызметті жүзеге асыратын сақтандыру агенттерімен құжаттарды жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 14 маусымдағы N 224 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1592 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында құжаттарды жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 14 маусымдағы N 224 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 356 қаулысымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3918 тіркелген), "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында құжаттарды

жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтау жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" 2001 жылғы 14 маусымдағы N 224 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 27 мамырдағы N 113 қаулысымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4314 тіркелген) енгізілген өзгерістері мен толықтыруларымен бірге мынадай өзгерістер енгізілсін:

Аталған қаулымен бекітілген Сақтандыру рыногының кәсіби қатысушылары мен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру агенттерінің құжаттарды жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтау жөніндегі нұсқаулығында:

1 - қ о с ы м ш а д а :

реттік нөмірі 20-жолында "тіркеу куәліктері, РНН беру туралы куәліктер" деген сөздері "мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктері, есепке алу тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктері" деген сөздерімен ауыстырылсын.

2 - қ о с ы м ш а д а :

реттік нөмірі 20-жолында, "салық төлеушіге тіркеу нөмірін беру туралы тіркеу куәліктері" деген сөздері "мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктері" деген сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күнінен бастап үш жыл алты ай өткен соң қолданысқа енеді.

3. Заң департаменті (М.Б. Байсынов):

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Агенттіктің Төраға қызметі (Е.Н.Заборцева) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Ғ.Н. Өзбековке жүктелсін.

Төраға

" К е л і с і л д і "

<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Мәдениет,</i>	<i>ақпарат және</i>
<i>спорт</i>	<i>министрлігінің</i>
<i>Ақпарат</i>	<i>және мұрағат</i>

2007 жылғы 16 тамыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК